




**АИТВ/СПИД пен  
жыныстық жолмен  
берілетін жұқпалы  
аурулардың алдын алу**




Мемлекеттің басты байлығы – адам десек, дені сау адам ғана ел қазынасы, ұлт болашағы бола алатыны белгілі. Бүгінде дерттің түрі көп. Заман жақсарып, техника дамып, мүмкіндіктер молайып жатса да, көбісінің дауасын таба алмай дал болудамыз. Солардың бірі – АИТВ /СПИД ауруы.

Бүгінгі таңда АИТВ жұқпасы дүние жүзінде соның ішінде Қазақстанда да өзекті мәселелердің қатарында болып отыр.

Қазақстанда АИТВ/СПИД эпидемиясымен күресу халық денсаулығын қорғаудың басым сипаттағы бағыттарының бірі болып табылады. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі бекітілді, онда АИТВ-инфекциясы және СПИД-ң алдын алу және емдеу мәселелері қосылған.


Инфекцияның таралуын тоқтататын нәтижелі дәрілік құралдар мен вакцина таппағанша СПИД-тен қорғанудың ең тиімді тәсілі ол – адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырмау. АИТВ жұғу жолдары өте жақсы зерттелген және біздің негізгі мақсатымыз – жаңа жұқтыруларды болдырмау, алдын алу болып табылады.





АИТВ — адамның иммундық тапшылық вирусы, XX ғасырдың 80-жылдарының басынан бастап танымал. АИТВ ағзаға түскен кезде біздің аурудан және жұқпадан қорғайтын иммундық жүйені бұзады.

Уақыт өте келе АИТВ-мен жұқпаланған адам жиі ауыратын болады. ЖИТС диагнозы (жұқтырылған иммундық тапшылық синдромы) жұқпаланғаннан кейін әдетте бірнеше жыл өткесін қойылады.





ЖИТС – адамның иммундық жүйесінің бұзылуынан пайда болатын ауру. Иммундық тапшылық әсері салдарынан бір немесе бірнеше қауіпті аурулар дамуы мүмкін (пневмония, туберкулез, рак және т.б.), бұл аурулармен адам ағзасы күресе алмайды. АИТВ — ЖИТС-тың басты себебі болып табылатын індет.



Инфекция көзі вирус (ретровирус) жұқтырып алған адам — вирус тасымалдаушылар. ЖИТС-пен ауырған адамдар инфекция жұқтыру көзі болып табылады. Ешқандай ауру белгілері байқалмайтындықтан әсіресе вирус тасымалдаушылар өте қауіпті. Вирус көп мөлшерде қанда, қынап кілегейінде, ана сүтінде болады. Көз жасында, жұлын сұйығында, сілекейде өте аз мөлшерде болуы мүмкін.

Жұғу жолдары. Медицинада дәлелденуі бойынша, ЖИТС-тің қазіргі кезде негізгі жұғу жолдары мынадай:

- 1.Жыныстық қатынас;
- 2.Вирустың бірден қанға түсуі (әртүрлі инъекциялар жасаған кезде т. б. жағдайларда)
- 3.Анасынан нәрестеге жұғу арқылы.

## АИТВ-ны қалай анықтауға болады?

Ағзада вирус бар жоғын жұқтырған соң 2 апта мен 3 ай аралығынан соң қанның арнайы анализі (АИТВ жұқпасына антиденелерге тест) көмегімен анықтауға болады. Жұқтырған соң антиденелердің пайда болуына дейінгі уақытты «терезе кезеңі» деп аталады. Бұл кезеңде жұқтырған адам вирусты басқа адамдарға жұқтырып жүреді және адам өзінің ағзасында вирустың барын немесе жоғын біле алмайды. АИТВ қорғаныш жүйесіне еніп өмір сүреді және көбейеді. Осының нәтижесінде лимфоциттер зақымданып олардың саны азаяды. Лимфоцит көмекшілердің санының қысқарғанына қарай қорғаныш жүйесі нашарлайды және ағза түрлі ауруларға қарсы тұру мүмкіндігін жоғалтады. ЖИТС-жұқтырылған иммундық тапшылық синдромы, АИТВ-ның ағзада дамуының соңғы сатысы. ЖИТС туралы адамдар қорғаныш жүйесінің жойылу салдарынан микроағзалардың шақыруымен ауыр аурулар пайда болған кездерде ғана айтады. ЖИТС-пен ауыратындарда түрлі жұқпалы аурулардың қоздырғыштары тудыратын аурулар кездеседі. АИТВ жұққан соң ЖИТС-тың пайда болуына зақымданған ағзаның ерекшеліктеріне байланысты 2-4 жыл немесе оданда ерте уақыт керек. АИТВ жұқтырған адамдар басты кезеңде ауру адамға мүлдем ұқсамайды, толық еңбекке жарамдылығын сақтайды. Бастысы өздерін сау сезінгенімен олардың АИТВ-ны басқаларға жұқтыру мүмкіндіктері бар.



# Қандай препараттар бар?

АИТВ — ретроқоздырғыш болғандықтан, АИТВ/ЖИТС-емдеу кезінде антиретроқоздырғыштық дәрі-дәрмек қолданылады. Кейде мұндай емдеуді белгілеу үшін «антиретровирустық терапия» деген термин қолданылады (АРВТ). Бұл препараттар АИТВ -ға нақты әсер етеді, оның ферменттерін жұмысын тоқтатып, жұқпаның дамуына жол бермейді. Ережеге сәйкес, бір уақытта бірнеше ретровирусқа қарсы әр түрлі класстағы дәрі-дәрмектер қабылданады. Құрамдастыру терапиясы әлде қайда пайдалы және қоздырғыштың емге деген тұрақтану мүмкіндігін қал



# Емді қашан тағайындайды?

Егер АИТВ оң нәтижелі адамға АИТВ-жұқпасына талдау өткізуден кейін бірден ем қабылданбаса, бұл, ол адамға ешкім жәрдемдеспейді немесе дәрігердің ол адамда жұмысы жоқ дегенді білдірмейді. Әдетте терапияны клиникалық симптом түрінде немесе иммундық мәртебеде қанның миллилитрінде 350-ден төмен СД-4 және қоздырғыштық жүктеме 50 мыңнан 60 мың көшірмесі болғанда тағайындайды. Көп жағдайда адамда АИТВ-ға бірінші рет талдау тапсырғанда көрсеткіштер басқа болып шығады. Ретровирусқа қарсы терапия дәрігердің тағайындауы, мамандардың қадағалауы бойынша нұсқаулыққа сәйкес қатаң түрде қолданылады. Егер дәрі-дәрмекті дұрыс тәртіпте қолданбаса, ол күшін жоғалтады. Сонымен қатар, ретроқоздырғышқа қарсы дәрі-дәрмекті қабылдауда кері әсерлері байқалуы мүмкін. Дұрыс комбинацияны маман таңдауы қажет. Дәрі-дәрмек күшінің нәтижесі, қоздырғыштың жүктеме терапиясында, яғни бірінші айда бірден төмендеуі және белгісіз болып келеді. Егер терапия кезінде қабылдауды ұзақ уақыт қолданса, иммундық мәртебе-СД-4 саны лимфоциті қалыптасады, ал қоздырғыштың саны қанда көбеймейді.



# ЖИТС

Әртүрлі инфекциялардан сақтанудың ең тиімді тәсілі — вакцина егу. Алайда вакцина дайындау бағытында тыңғылықты зерттеулер жүргізіліп жатса да, ондай профилактикалық препарат алу әзірше қолдан келмей отыр.

ЖИТС-пен науқастанудан сақтанудың маңызды шаралары мыналар:

1. Әлеуметтік, халықаралық, мемлекеттік шаралар;
2. Жеке басты қорғауға бағытталған шаралар.



**Профилактиканың** басты міндеті — ЖИТС тасымалдаушыларды анықтап, жұғу арнасын сенімді түрде жауып тастау. Осы мақсатта көптеген елдерде мынадай шаралар жүргізіліп жатыр: халықтың (тұрғындардың) кейбір топтарын сөзсіз және жоспарлы түрде лабораториялық тексеруден өткізу; донорлық, қанды, органдарды тексеру; гемофилиямен ауыратындарды, нашақорларды, ауырғандарды арнайы ауруханаға жатқызу және емдеу; сенім телефондарын ұйымдастыру; ЖИТС-пен ауырғандарға консультация және көмек беретін комиссия жұмысын ұйымдастыру; диагностикалық орталықтар, кабинеттер ашу т. б.

Тұрғындар арасында ЖИТС жөнінде санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізудің ерекше маңызы бар. Әркім аурудың қалай тарайтынын, одан қалай сақтану қажет екенін жетік білуі тиіс. Жалпы халықты, әсіресе балалар мен жастарды өнегелілікке, дұрыс жыныстық қатынас жасауға тәрбиелеу мәселесін жолға қоймайынша, ЖИТС-пен күресу мүмкін емес.

## Жеке бас профилактикасы қарапайым әрі денсаулық үшін ұтымды. Оларға мыналар жатады:

1. Салауатты, әдепті өмір сүру;
2. Кездейсоқ жыныстық қатынастан жақындасудан сақ болу (жыныстық партнер көп болған сайын ЖИТС жұқтыру қаупі арта түседі. Г. В. Сколубовичтің (1989) айтуы бойынша, «Жыныстық тәртіпсіздік, нашақорлық және жезөкшелік — ЖИТС вирусын жұқтыру кепілі»);
2. Стерильденбеген немесе кездейсоқ біреудің шприцін, қайшысын, сақал алғышын және басқа да құрал-жабдықтарын пайдаланбау;
3. Әсіресе терісі, шырышты қабаттары зақымданған жағдайда бөтен біреудің қанымен, бөлінділерімен жанасудан абай болу;
4. Қан құйғанда немесе донор қанынан дайындалған препараттар қабылданғанда олардың АИВ-ке тексерілгеніне көз жеткізу (ол үшін қолданылған қанның сериялық нөмерін жазып алыңыз);
5. Маникюр, педикюр жасайтын құралдардың стерильдігіне көңіл аудару;
6. ЖИТС вирусын жұқтырып алдым-ау деген күмәнді жағдайда міндетті түрде дәрігерге көріну.

АИТВ-инфекциясы эпидемиясымен және оның зардатарымен күресуге бағытталған қызметтің негізгі бағыттарын баса көрсету керек:

1. Қауіпсіз жыныстық мінез-құлықты үйрету, жыныстық жолмен таралатын басқа да ауруларды емдеу, осы ауруларды саналы емдеуге бағытталған мінез-құлыққа үйрету сияқты элементтері қосылған АИТВ-ң жыныстық таралуын ескерту;
2. Қаннан дайындалған препараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қадағалау арқылы АИТВ-ң қан арқылы таралуының алдын алу.
3. АИТВ-инфекциясының босанғанға дейінгі таралуын ескерту, әйелдерге, АИТВ жұқтырған науқастарға кеңес беру;
4. АИТВ-инфекциясымен науқастанғандарға медициналық көмек және әлеуметтік қолдауды ұйымдастыру;



# Қазақстанда ЖИТС-пен күресу жұмыстарын ұйымдастыру.

ЖИТС — көп жағдайда өлімге соқтыратын аса қатерлі вирустық дерт. Қазақстанда осы қауіпті ауруға қарсы күрес жүргізу мақсатымен мамандандырылған жаңа қызмет жүйесі құрылды. Оның құрамына республикалық, облыстық, қалалық ЖИТС-ке қарсы күресу және аурудың алдын алу орталықтары, диагностикалық лабораториялар мен анонимдік кабинеттер кіреді. Осындай қызмет жүйесінің күнделікті жұмысын Республикалық ЖИТС-тен сақтандыру комитеті басқарады. Бұл комитеттің ең басты мақсаты — ЖИТС вирусын жұқтырған адамды табу, оны тексеру және емдеуді жоспарлы түрде ұйымдастыру. Жоғарыда аталған ЖИТС орталықтары ұйымдастырушы, тәсілдеуші және емдеуші мекемелер ретінде жұмыс атқарады. Қазіргі кезде республикамызда ЖИТС-тен қорғану жөнінде жұмыс жүргізетін 20 орталық және 80 лаборатория бар.

# Олардың жұмыс бағыттары мынадай:

1. Вирус жұғу мүмкіндігі бар «қатерлі топтарға» жататын адамдарды тексеріп, вирус жұққан адамдарды дер кезінде тауып отыру;
2. Ауру ошағын анықтап, дәрігерлік бақылауға алып, вирустың әрмен қарай тарауына, яғни басқа адамдарға жұғуына мүмкіндік бермеу жұмыстарын ұйымдастыру.

The background is a dark blue gradient. In the corners, there are decorative white lines resembling a circuit board or neural network, with small circles at the end of the lines.

СОЩЫ